



ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 1. Құқықбұзушылықтардың түсінігі, белгілері және түрлері.
- 2. Құқықбұзушылықтың заңды құрамы.
- 3. Заңды жауапкершіліктің түсінігі, белгілері және қағидалары.
- 4. Заңды жауапкершіліктің түрлері.




Жоспар

- **1.Құқықбұзушылықтардың түсінігі, белгілері және түрлері.**
- **2.Құқықбұзушылықтың заңды құрамы.**
- **3.Заңды жауапкершіліктің түсінігі, белгілері және қағидалары.**
- **4.Заңды жауапкершіліктің түрлері.**



Мақсаты

Құқықбұзушылық – бұл қоғамның мемлекеттің тұлғаның мүдделеріне нұсқан келтіруші, тұлғаның көңілі, құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті әрекет.



Негізгі әдебиеттер:

«Теория государства и права» Курс лекций,
Под. Ред. М.Н.Марченко Москва, 1996 жыл

«Теория государства и права» Курс лекций
Под. Ред. Н.И. Матузова Москва, 1997 жыл


«Теория государства и права» под. Ред.
Манова. Москва, 1995 жыл

Қосымша әдебиеттер:

Хропанюк В.Н. «Теория государства и права»
Москва, 1995 жыл

Керимов Д.А. «Методика права» Москва, 1989
жыл

Козлов В.А. «Проблемы предмета и
методологии общей теории права»
Ленинград, 1989 жыл



1. Құқықбұзушылықтардың түсінігі, белгілері және түрлері.

Құқықбұзушылық – бұл қоғамның мемлекеттің тұлғаның мүдделеріне нұсқан келтіруші, тұлғаның көңілі, құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті әрекет.

Құқықбұзушылықтың белгілері:

әрекет немесе әрекетсіздік;

кінә;

құқыққа қайшылық;


зиянды нәтеже;


әрекет пен зиянды нәтеженің арасындағы себепті байланыс;

заңды жауапкершілік.


Әлеуметтік қауіптігіне қарай барлық құқықбұзушылықтар қылмыстарға және теріс қылықтарға бөлінеді.

Қылмыстар – бұл қоғамға ерекше қауіптілікпен ерекшеленетін, әлеуметтік маңызды мүдделерге нұсқан келтіретін, нұсқан келтірушіліктен қылмысты заңнамамен қорғалатын қылмыстық құқықбұзушылықтар. Құқықбұзушылықтардың басқа түрлеріне қарағанда, қылмыстық заңмен аталған қылмыстық әрекеттердің тізімі нақты анықталған және олар кеңейтілген түсінуге жатпайды. Қылмысты жасау жазалауды көздейді




- 
- Теріс қылықтар - әлеуметтік қауіптіліктің қылмысқа қарағанда аз дәрежесімен ерекшелінеді, қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларында жүзеге асырылуы мүмкін, әр түрлі нұсқан келтіру объектілері мен заңды салдарға ие. Олар үшін жаза емес, әр түрлі шаралар көзделген.
 - Теріс қылықтардың түрлері:
 1. Азаматтық – бұл мүліктік және мүліктік емес қатынастар саласында жасалатын, ұйымдарға немесе азаматтарға мүліктік зиян келтіруден көрініс табатын, шарт бойынша міндеттемелерді орындауы, азаматтың абыройы мен қадірқасиетіне нұсқан келтірген мәліметтерді таратуды және т.б. білдіретін құқықбұзушылықтар. Олар үшін зиянды өтеу, бұзылған құқықты мәжбүрлі түрде қалпына келтіру, орындалмаған міндетті мәжбүрлі түрінде орындау сияқты санкциялар және басқа да құқықты қалпына келтіруші санкциялар көзделген

2. Әкімшілік – бұл заңмен орнықтырылған қоғамдық тәртіпке, мемлекет органдарының атқарушылық өкімдік қызметті саласындағы қызметтік міндеттерді жүзеге асырумен байланысты емес қатынастарға нұсқан келтіруші құқық бұзушылықтар. Әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұл, ескерту, арнайы құқықтан айыру және әкімшілік заңнамамен көзделген басқа да санкциялар көзделген.



3. Тәртіптік - бұл еңбек қатынастары саласында жүзеге асырылатын, кәсіпорындардың ұйымдардың мемлекеттердің қызыметінің ішкі тәртібіне нұсқан келтіретін құқықбұзушылықтар. Тәртіптік шаралар еңбек туралы заңда, әскери үшін ережелерде қарастырылған. Бұл шараларды кәсіпорынның мекеменің немесе ұйымның әкімшілігі жүзеге асырады.





2. Құқықбұзушылықтың заңды құрамы – бұл

құқықбұзушылардың заңды жауапкершілікке тарту үшін қажетті және жеткілікті белгілерінің жүйесі.

Заңды құрамға мыналар жатады:

- **Құқықбұзушылықтың субъектісі** – бұл осы әрекетті немесе әрекетсіздікті жасаған құқықабілетті жеке тұлға немесе әлеуметтік ұйым.
- **Құқықбұзушылықтың объектісі** – бұл осы құқықбұзушылықтың неге бағытталғанын көрсетеді. Объектінің түрлік және тетік түрлерін бөліп қарастырады. Тетік объект ретінде қоғамдық қатынастар орын алса, түрлік объектіге өмір, денсаулық, абырой, мүлік және т.б. жатады.




- 
- .Құқықбұзушылықтың субъективтік жағы – бұл тұлғаның өз әрекетіне және оның салдарына деген субъективтік қатынасын сипаттайтын белгілердің жиынтығы. Бұл жерде бсты категория болып кінә табылады. Кінә дегеніміз тұлғаның өзі жасаған құққа қайшы әрекетіне психологиялық қатынасы.**
- **Кінәнің екі түрі болады: қасақаналық және абайсыздық. Қасақаналық тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей қасақаналықта тұлға з әрекеттерінің қоғамға қауіпті сипатын сезінеді, зиянды салдардың туу мүмкіндігін түсінеді және осы салдардың тууын қаламаса да, олардың туындауына саналы түрде жол береді.**
 - **Абайсыздықтың да екі жолы бар: менмендік және немқұрайлық. Менмендікте тұлға өз әрекеттерінің қоғамға қауіпті салдарын түсінеді, алайда жеткілікті негізсіз олардың алдың алуға тырысады.**

Құқықбұзушылықтың объективтік жағы

– бұл осы құқықбұзушылықты сипаттайтын сыртқы белгілердің жиынтығы, оларға мыналар жатады:

- а) әрекет немесе әрекетсіздік;
- ә) құқыққа қайшылық;
- б) зиянды нәтеже;
- в) әрекет пен зиянды салдар арасындағы себепті байланыс



3. Заңды жауапкершіліктің түсінігі, белгілері және қағидалары.


Заңды жауапкершілік – бұл құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға заңнамамен көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілі бір іс жүргізушілік тәртіпте қолдану.

Шаралар мынадай сипатта болуы мүмкін:

а) жеке сипаттағы шаралар;


ә) мүліктік сипаттағы шаралар; б)

ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар.




Заңды жауапкершіліктің белгілері:

- Оны мемлекет құқықтық нормаларды орнықтырады;
- Мемлекеттік мәжбiрлеуге негiзделген;
- Арнай өкiлеттi мемлекеттiк органдар қолданылады;
- Жаза қосымша мiндеттi жiктеумен байланысты;
- Жеке мүлiктiк және ұымдастырушылық сипаттағы белгi бiр терiс салдардан көрiнiс табады;
- Iс жүргiзушiлiк нысанда жүргiзiледi;
- Тек жасалған құқықбұзушылық үшін ғана туындайды.




■ Заңды жауапкершіліктің қағидалары:

- 1) заңдылық – жауапкершіліктің тек құқықбұзушылық үшін ғана қолданылатының білдіреді;
- 2) әдеттілік – жазаның кінәға сәйкестігін, теріс қылықтар үшін қылмыстық санкцияларды белгілеуге жол берілмейтіндігін, кінәліге бір құқықбұзушылық үшін тек бір ғана жазаны тағайындауды білдіреді;
- 3) негізділік – істің жағдайларын объективтік түрде зерттеуді және нақты жазалау шарасын заңға сәйкес анықтауды білдіреді;
- 4) ізгілік – адамның кәдір қасиетін қорлайтын жазалау шараларын белгілеуге және қолдануға тиым салуды білдіреді
- 5) мақсаттылық – құқықбұзушыға қатысты таңдалған жазаның заңды жауапкершіліктің мақсаттарына сәкестігін білдіреді.




4. Заңды жауанкершіліктің түрлері. Заңды жауапкершіліктің төмендегідей түрлері болады:

- Қылмыстық – тек қылмыстар үшін қолданылады; ешкім де сот шешімінсіз қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылмауы және қылмыстық жауаптылыққа тартылмауы; Қылмыстық жазалау шаралары-кінәлінің тұлғасына бағытталған мемлекеттік мәжбірлеудің ең қатаң нысандары – бас бостандығынан айыру, өлім жазасы т.б.



- Тәртіптік – еңбек, оқу, қызыметті, әскери тәртіпті бұзу үшін қолданылады; тәртіптік жауапкешілік шаралары – сөгіс, қатаң сөггіс, жұмыстан шығару т.б.

- Материалдық – қызыметкерлер мен жұмысшылардың өз қызыметтік жұмыстарын орындау барысында кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға келтірген зияны үшін туындайды.



- Әкімшілік - әкімшілік теріс қылықтарды жасағаны үшін туындайды және айыппұл, арнайы құқықғынан айыру т.б. сияқты шаралардан көрініс табады;

- Азаматтық – мүліктік сипаттағы шарттық міндеттемелерді бұзу және шарттан тыс мүліктік зиян келтіру үшін туындайды

